

**Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының "Қараөткел" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Есіл" қонақ үйі ғимаратын республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі N 1001 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астана қаласы әкімінің Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Қараөткел" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының теңгеріміндегі Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі 8, мекен-жайында орналасқан "Есіл" қонақ үйі ғимаратын республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабыл алынсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен "Есіл" қонақ үйі ғимаратын қабылдау-беру бойынша қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*